

**Теміртау қалалық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы 35 сессиясының № 35/5 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің мұқтаж азаматтарының жекелген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2015 жылғы 2 шілдедегі № 40/4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 3 шілдеде № 3316 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2024 жылғы 22 ақпандағы № 13/4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 22.02.2024 № 13/4 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Теміртау қалалық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы 35 сессиясының № 35/5 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің мұқтаж азаматтарының жекелген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2938 нөмірімен тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 3 ақпанда жарияланған, "Вести Темиртау" газетінің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 3 нөмірінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

Қағиданың 9-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"9. Азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;
- 2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;
- 3) жан басына шаққандағы орташа табыс ең төмен күнкөріс деңгейінің 0,6 елесік мөлшерінен аспайтындығы негіздеме болып табылады."

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,  
мәслихат хатшысы

В. Свиридов

КЕЛІСІЛДІ

Теміртау қаласының  
жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы"

\_\_\_\_\_ Ю.Н. Ким

2 шілде 2015 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК